

Инвестициялық мақсат

iX Brent Oil SPC Limited Exchange Traded Notes – бұл Brent сұрыпты мұнайдың споттық бағасының динамикасын қайталау үшін арнайы мақсаттағы компания шығарған биржалық облигациялар.

Brent сұрыпты мұнайдың споттық бағасын қайталауға United States Brent Oil Fund LP (NYSE: “BNO”) акцияларына иелік ету арқылы қол жеткізіледі.

Арнайы мақсаттағы компания болып табылатын эмитент иелік ете алатын активтің жалғыз түрі – ол United States Brent Oil Fund LP акциялары мен оған қоса аздаған ақша сомасы.

Арнайы мақсаттағы компания болып табылатын эмитент шығарған міндеттемелердің жалғыз түрі – ол осы биржалық облигациялар.


Тиісінше, актив (United States Brent Oil Fund LP) құнының кез келген өзгерісі биржалық облигациялар құнының автоматты түрде өзгеруіне әкеледі.

| | |
|---------------------------------------|---|
| Бағалы қағаздың түрі | Exchange Traded Note – биржалық облигация |
| Бағалы қағаздың сыныбы | Борыштық бағалы қағаздар |
| ISIN | KZX000000278 |
| Листинг | Astana International Exchange (AIX) |
| Базалық валюта | USD |
| Репликация түрі | Физикалық |
| Купон/Дивидендтер | Жоқ |
| Жалпы шығыстардың коэффициенті | 1,0% |
| Юрисдикция | АХҚО |
| Кастодиан | Raiffeisenbank, Ресей |
| Аудитор | Crowe Audit Astana LLP, Қазақстан |

Негізгі артықшылықтары

- Brent сұрыпты мұнайдың споттық бағасының динамикасына инвестициялау мүмкіндігі;
- Бір биржалық облигацияның барынша аз құны;
- Базалық валюта – АҚШ доллары;
- Қазақстан резиденттері - облигация иелері үшін салықтық жеңілдіктер

| Өзекті деректер | | 2020 жылғы 30 қараша бойынша | |
|--|------------|--|---------|
| Шығарылым мөлшері, USD | 268,827.06 | Шығарылған биржалық облигациялардың саны | 22,375 |
| Бір биржалық облигацияның таза құны, USD | 12.01 | Таза құнның өзгерісі (01/01/20 - 30/11/20),% | -43,32% |

IXO vs. Brent Oil


Инвестициялық мақсат
United States Brent Oil Fund LP (NYSE: “BNO”) туралы ақпарат

United States Brent Oil Fund LP инвестициялық мақсаты оның акцияларының құнының күнделікті өзгерістері Brent сұрыпты мұнайдың споттық бағасының күнделікті өзгерістерін көрсетуінде болып табылады (фьючерстік келісімшарт бағасының күнделікті өзгерістері арқылы).

- 2020 жылғы 10 желтоқсан бойынша United States Brent Oil Fund LP таза активтері - USD 354 127 585,03
- 2020 жылғы 10 желтоқсан бойынша United States Brent Oil Fund LP акцияларының барлығы - 28 250 000
- Салымдар:
Фьючерс Brent Crude Feb21 – USD 354,162,000.00

United States Brent Oil Fund LP туралы анағұрлым толық ақпарат - <https://www.uscfinvestments.com/bno>

| | |
|---------------------------------------|--|
| Активтердің сыныбы | Шикізаттық тауарлар |
| Листинг | NYSE Arca |
| Базалық валюта | USD |
| Репликация | Синтетикалық |
| Бенчмарк | Brent сұрыпты мұнайға таяудағы айға арналған фьючерстік келісімшарт (ICE Futures Exchange) |
| Жалпы шығыстардың коэффициенті | 0,90% |
| Купон/Дивидендтер | Жоқ |
| Бас серіктес | United States Commodity Funds, LLC |
| Әкімгер | The Bank of New York Mellon |

United States Brent Oil Fund LP артықшылықтары:

- Фьючерстік шоттарды немесе мұнайды сақтауды пайдаланусыз мұнай бағасының өзгерісіне қолжетімділік;
- Баға белгілеудің мөлдірлігі.

Жауапкершілікті шектеу

Бұл материалдар бағалы қағаздар сатып алу немесе сату ұсынысы ретінде қарастырылмауы тиіс. Бағалы қағаздарға инвестициялау туралы шешім қабылдаған кезде инвесторлар мен бағалы қағаздар нарығының басқа да қатысушылары өздерінің ой-пікірлері мен тәжірибелеріне сенулері тиіс. Осы құжатта берілген материалдар тек ақпараттық сипатта ғана және шынайы ретінде қабылданатын жария дереккөздерден алынған ақпаратқа негізделген. Осы құжатта сипатталған бағалы қағаздар барлық юрисдикцияларда немесе инвесторлардың белгілі бір санаттарына сатуға жатпауы мүмкін. Инвестициялардың құны азаюы да, сол сияқты артуы да мүмкін және инвесторлар бастапқы инвестициялаған сомаларын ақыр соңында жоғалтулары да мүмкін. Бұрындағы инвестициялық құралдардың бағалары мен инвестициялардың табыстылық көрсеткіштері келешектегі инвестициялардың нәтижелерін бағалау үшін бағдар бола алмайды. Шетелдік валюта бағамының өзгерістері де инвестициялар құнының азаюын немесе артуын тудыруы мүмкін. Инвестициялардың құнына немесе инвестициялардан алынатын табысқа әсер ететін басқа факторларға, өзгеден басқа, саяси, экономикалық, кредиттік және нарықтық тәуекелдер кіреді. Инвестициялау туралы шешім қабылдардың алдында инвестициялық консультация берушімен кеңесу қажет. Осы құжатта берілген ақпаратты компанияның жазбаша рұқсатынсыз кез келген мақсат үшін толық немесе жартылай көшіруге, қайта таратуға және жариялауға болмайды. Компания да, оның қандай да бір үлестес тұлғасы да үшінші тараптардың бұған қатысты әрекеттері үшін жауап бермейді. Қосымша ақпарат пен сүйемелдеу құжаттамасы сұраныс бойынша ұсынылады